

## Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1111 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12549 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабы 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына оның көшірмелерін баспа және электронды түрде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жауапты хатшысы З.С. Сағыновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
А. Рау

« К Е Л І С І Л Д І » :  
Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
Т. Дүйсенова

2015 жылғы 30 қараша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушының  
2015 жылғы 26 қарашадағы  
№ 1111 бұйрығымен  
бекітілген

**Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік  
саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі**

Тобы	Сатысы	Лауазымдар атауы
<b>А блогы - басқарушы персонал</b>		
А1	1	Республикалық маңызы бар ММ*директоры
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ*директорының орынбасары
А2	1	Республикалық маңызы бар ММ*бас бухгалтері
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ*бас бухгалтерінің орынбасары
А3	1	Республикалық маңызы бар ММ*бөлім бастығы
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ* бөлім бастығының орынбасары
А3	2	Республикалық маңызы бар ММ*топ басшысы
	3	Республикалық маңызы бар ММ* жетекші инженер
<b>В блогы - негізгі персонал</b>		
В2	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты инженер
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты инженер
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты инженер
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ инженер
В3	1	Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты техник
	2	Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты техник
	3	Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты техник
	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ техник
<b>В блогы –</b>		

<b>денсаулық сақтау</b>		
B3	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты медициналық медбике (мейіргер)
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты медициналық медбике (мейіргер)
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты медициналық медбике (мейіргер)
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ медициналық медбике (мейіргер)
B4	1	Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты медициналық медбике (мейіргер)
	2	Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты медициналық медбике (мейіргер)
	3	Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты медициналық медбике (мейіргер)
	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ медициналық медбике (мейіргер)
<b>С блогы - әкімшілік персонал</b>		
C1		Жылу, су, газ құбыры және кәріз жүйелерін күтіп-ұстау учаскесінің басшысы; көлік цехының басшысы; әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысы; ғимараттар мен үй-жайларды жөндеу құрылыс жұмыстарын өндіруші учаскесінің басшысы; жөндеу - механикалық учаскесінің басшысы; байланыс, күзет сигнализациясы және химиялық өрт сөндіру учаскесінің басшысы; өрт қызметі командасының басшысы
C2		Біліктілігі жоғары деңгейдегі кадр жөніндегі инспектор
		Біліктілігі жоғары деңгейдегі аудитор
		Біліктілігі жоғары деңгейдегі экономист
		Біліктілігі жоғары деңгейдегі мемлекеттік сатып алу бөлімінің менеджері
		Біліктілігі жоғары деңгейдегі бухгалтер
		Біліктілігі жоғары деңгейдегі механик
		Біліктілігі жоғары деңгейдегі байланыс, жабдықтау, ғимараттар мен құрылымдарды түгендеу, ақпаратты қорғау жөніндегі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі инженер
		Біліктілігі жоғары деңгейдегі аудармашы
	Біліктілігі жоғары деңгейдегі заңгер	
C3		Орталық қойманың меңгерушісі
		Ауысым бастығы
		Біліктілігі орташа деңгейдегі материалдық құндылықтарды сақтау жөніндегі қойма менеджері
		Біліктілігі орташа деңгейдегі байланыс технигі
		Біліктілігі орташа деңгейдегі кадр жөніндегі инспектор
		Біліктілігі орташа деңгейдегі экономист
		Біліктілігі орташа деңгейдегі мемлекеттік сатып алу менеджері
		Біліктілігі орташа деңгейдегі бухгалтер
		Біліктілігі орташа деңгейдегі механик
		Біліктілігі орташа деңгейдегі аудармашы
		Шаруашылық меңгерушісі
	Біліктілігі орташа деңгейдегі заң кеңесшісі	
<b>D блогы - қосалқы персонал</b>		

\* - ММ – мемлекеттік мекеме

И н д у с т р и я л ы қ    д а м у    ж ә н е  
ө н е р к ә с і п т і к    қ а у і п с і з д і к  
с а л а с ы н д а ғ ы    а з а м а т т ы қ  
қ ы з м е т ш і л е р    л а у а з ы м д а р ы н ы ң  
т і з і л і м і н е    қ о с ы м ш а

**Басқару жауапкершілігінің дәрежесіне байланысты республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар ұйымдарда индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласының мемлекеттік мекемелерінің таралуы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «Микрография ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік мекемесі республикалық маңызы бар мекемелерге жатады.